



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

қыз жайы, оның ұнатқан жігіттері мен Ғаббастан алданып қалғаны жазылады. Автор шығармада Ғайшаның Ғаббасты күткендегі сезімін, толғанысын оқырманға: «Жас жігіт қайтып қана кешігеді? Таныс болғаны анада ғана...Неге ол тынымсыз келіп, мазасын кетірмейді? Әлде бұл да суынған жансыз ба? Әлде бұл да қызыл гүлді жұлып алғанша ғана қызығып, алған соң, бір-ақ иіскеп тастай ма?.. Әттең қазақтың салқын көңіл жігіті-ай!»-деп, сұрақтар арқылы Ғайшаның ойын баяндайды. Осыны ойлап отырғанда Ғайшаға мынадай бір ой келді. «Ол ой: әлде сол күнә сұмдығымнан ба? Солар үшін бұл күйге ұшырадым ғой. Әйтпесе қазақтың талай қара қызы теңін тауып кетіп жатыр. Мен әрі оқығанмын, әрі бәрінен артықпын. Неге әлі күнге менде күйеу жоқ? Өң ескіріп барады. Жылдан-жылға өтіп келеді. Алдақашан мен үй иесі болуым керек. Мен қартаймақпын ба? Кәрі қыз болам ба?»-дегенде Ғайша бұл ойдың пішінінен шошып кеткендей болды»-дейді. Бұдан біз Ғайшаның жалғыз болғанына, әлі де теңін таппағанына алаңдап жүргенін және сол үшін өзін кінәләп жатқандығын да байқаймыз.

Шығармаларды талдай отырып, біз М.Әуезовтің әңгімелерінің терең психологизмге құрылғанын байқаймыз. Жазушы әңгімелерінде кейіпкерлердің ішкі жан-дүниесін толық ашып бергенін айта аламыз. Ол әр әңгімеде өзгеше беріледі. Бір әңгімеде кейіпкерлер өз ойларын ашық айтып жатса, енді бірінде автор сұрақтар арқылы кейіпкердің ойын, ішкі сезімін жеткізеді. Осы арқылы біз жазушының әңгімелеріндегі кейіпкерлердің бастан өткен жағдайларын түсініп, олар өткерген сезімді біз де сезіне алатын жағдайда боламыз. Бұл жазушының өзіне тән ерекшелігі.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. <http://referat.int.kz/kazakedebieti/2542-korkem-proza.html>
2. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. - Алматы, 1979.

БЕЙІМБЕТ МАЙЛИН ӘҢГІМЕЛЕРІНДЕГІ ПСИХОЛОГИЗМ

Халилина Әйгерім Аманжанқызы

Түктібаева Ақниет Русланқызы

[Akniет_010@mail.ru](mailto:Akniet_010@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
филология факультеті «5В020500» - Филология: қазақ филологиясы
мамандығының студенттері, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.д., профессор Үсен А.Ә.

Қазақ әдебиетінің проза саласында есімі ойып орын алатын сөз зергері Б.Майлиннің қай шығармасын алсақ та, ол - шоқтығы биік, алтын жақұт. Бұл шығармалар - көркемдігі жағынан асыл әрі тәрбиелік мәні жағынан құнды қазына. Жазушы шығармаларының шың басында тұратын кейіпкерлері арқылы оқырман санасына шынайы өмірден көрініс сыйлап, жан дүниесіне түрлі мінездері арқылы реалистік көзқарас қалыптастырды. Кейіпкерлердің ойлау жүйесі, өмірге көзқарасы, ішкі сезімдері мен олардың психологиясы, күйініші мен қуанышы т.с.с. қалыптарын шығармаға өзек етіп, сабақтастыра алуы – жазушының құдіреті. Шығарманы оқып отырған әрбір оқырман кейіпкерлермен қоса түрлі эмоциялық жай-күй мен сезім иірімдерін бастан кешеді. Бұл - шынайы құбылыс. Шынайы құбылыстың шығармада орын алуы, біріншіден, оның реалистік қоғаммен байланысты болуы; екіншіден, әдебиеттегі түрлі әдіс-тәсілдердің жазушы қолданысында ерекше күймен берілуі. Сөзімізге дәлел келтіру мақсатымен, екінші дерегіміздің сырын ашып көрелік. Осы тұста есімізге «психологизм» ұғымы түседі. «Психологизм» дегеніміз не? Көркем әдебиетте психологизм ұғымы көбіне кейіпкердің жан толғанысы мен көңіл-күйіне байланысты. Ал адам психологиясының толық қырын оқырманға ашып, суреттеп көрсету - жазушы шеберлігі. Ғалым Б. Майтанов «Қаһарманның рухани әлемін, жан сырын жеткізу амал-тәсілдерінің

жиынтығы немесе идеялық-эстетикалық шығармашылық феномен – психологизм. Психологизмнің негізгі қызметі – өмірлік шындық пен көркемдік шындықтың жанды тамырластығын сақтау. Бұл ретте осы құбылыстың ішкі салалары есебінде даралау мен жинақтау, ұлттық, жалпыхалықтық, дерек пен қиялдап қосу, автор бейнесі, шығарманың заттық құрылымы іспетті түрлі мәселелердің өзара ықпал, әсері мен табиғи синтезін атау керек» [1,3-4], - дейді. Б. Майлин өмірдің шынайы картинасын шығарма мазмұнына арқау етіп, психологиялық детальдар мен параллелизмдерді негізге ала білген.

Мысалы, бір ғана «Күлпәш» әңгімесінде кейіпкерлердің психологиясы табиғатпен де, тұрмыспен де байланысты көрініс тапқан. Ел басына туған аштық апаты жайлы 1922 жылы жазылған бұл әңгімеде кедей үйінің жұпыны кескіні суреттелу арқылы, кеңістік пен уақыт ұғымдарының бір-бірімен сабақтастығы байқалады. Осы шығарма өзегіндегі суреттемелер әдебиеттегі «психологиялық деталь» ұғымына мысал бола алады. «Күлпаштың көңілсіздікке түсіп жүрген күндерінің бірі еді... Бет-аузы көнектей ісік; тоңып бүрісіп, үйдің бұрышындағы пешке арқасын сүйеп мұңайып, терең ойға шомған адамша Күлпәш отыр» [2,82] - деген жолдардан психологизмнің элементтерін байқаймыз. Себебі, мұнда бас кейіпкердің хал-жағдайының мүшкіл екені көрінеді. Оның психологиясының мұндай төменгі дәрежеге түсуіне не себеп? Қоғамда болып жатқан түрлі өзгерістердің, мысалы заман індетіне айналған «аштық» факторының кейіпкер болмысын аша білуі, психологиясына терең барлау жасай білуі т.с.с. көріністі атауға болады. Бастапқыда автор оқырманға кейіпкерінің кім екенін айтпайды, сурет арқылы береді. Ал Күлпәштің портреті арқылы оның хал-ахуалы оқырман назарын бірден аудартады. Б. Майлин кейіпкерлерінің характерін, табиғатын тереңдетіп ашатын бірден - бір көркемдік компонент - заттық әлемдер. Олардың бәрі де адамның өмірі мен тұрмысының, жан дүниесінің болмыс-бітімін, психологиялық көңіл-күйін, жағдайын ашып көрсететін символдық белгілер. Кейіпкердің жұпыны тірлігі олардың ұстанған заттары мен киген киімдерінен көрініп тұрады. Одан әрмен күйеуі Мықтымның «Қыржиып тырысқан қысқа тон, қаудырап қатқан жаман тымақ, мойнында дормасы бар, жағы суалып, көзі адырайып адам бейнесінен кеткен біреу сырттан кірді» [2,84] - деген суреті арқылы олардың тауқыметі одан әрі ашыла, тереңдей түседі. Осы кішкене детальдардан Күлпәштің қоғамдағы кедей, жұпыны, аштықтан дәрменсіз болған жұбайының келбеті сараланып, психологиялық кескіні суреттелген.

«Қали сүрініп тұрып, екі көзі Мықтымның мойнындағы дорбада, ептеп басып жақындады. Мықтым жылап қоя берді: Қалқам-ау, дым жоқ!» [2,85]. Иә, ана мен баланың сарыла күткен дорбасы келген соң, Күлпәш талайдан бері өзін мазалаған ойын күйеуіне айтады. Ол ойы – кедейліктен, аштықтан әбден қалжыраған Күлпәштің байымен ажырасып, басқа күйі жақсы адамға тимекші болуы еді. Бірақ бұл шешімге Күлпәш оңай келе қойған жоқ. Оны кейіпкердің ішкі арпалысынан көре аламыз. «Күлпәштің жүрегінде таласып тұрған екі ой бар: «Жұмағазыға тисем, тамағым тоқ, көйлегім көк болар еді... Қалижанды да ашықтырмауға болар еді: бірақ жастан қосылған қосағым еді. Мықтымды жылатып тастап кеткенде не оңам?» [2,86]. Міне кейіпкердің аузымен айтылатын жан күйзелісін көрсететін осындай жолдар Бейімбеттің психологияны ашудағы шеберлігін көрсетеді. Жүрек пен сананың бір-бірімен арпалысы, екі ойдың соғысы кейіпкерге психологиялық тұрғыдан ауыр соққы болған кедейлік тұрмыстың кесірін кесіп көрсетеді. Мойнына сұр жыланша асылаған ауыр тұрмыстың жағдайы екінші ойдың өз дегеніне жетуіне ықпал жасады. Әдебиетші ғалым Б. Наурызбаев «Қазақ прозасындағы Б. Майлин дәстүрі» атты монографиясында: «Жазушы новеллаларының композициясындағы бір ерекшелік – ол сюжет арқауына түс көру эпизодын кіргізу тәсілі. Түс – сюжетті ашатын, кілт характерлердің көңіл-күйінен хабар береді. Оның қорқыныш – күдігін, арман-қиялын елестетеді [3,69] – дейді. «Күлпәш» әңгімесінде де шығарма шешімі бас кейіпкердің түсі арқылы тұспалданып беріледі. «Жұмағазының үйіне барған күннің ертесінде Қали түсіне кірді: Күлпәш үйден шығарда «Қалқам» деп барып Қалидың бетінен сүйгенде, өкпелеген адамдай аузын бұртитып, тұрған орнында қалшыып қалған еді [2,89]» - деп келетін жолдардан-ақ автор шығарманың шешімін кейіпкердің түсі арқылы жеткізеді. Б. Майлин шығармаларындағы әдеби түс көру тәсілдері кейіпкерлердің

түйсік астарындағы қатпарларды, ішкі иірімдерді, олардың сана астарындағы қорқыныш - үрей немесе қуаныш - үміт т.б. секілді қайшылықтарға толы сезім арпалыстарын, көңіл-күй күйзелістерін көркемдік-эстетикалық құндылық дәрежесіне көтеру мақсатында өзінің табиғи қызметін мінсіз атқарады.

Күлпәштің психологиясымен қатар, бір деңгейде суреттелген келесі бір кейіпкер – Айрамбай. Айрамбай да - терең психологиялық әңгіме. Мұнда қашан көрсең де «Көйлексіз, жеңсіз, күртеше тоңды жалаңаш етіне киіп алып, қабағы біртүрлі тұжырыңқы, әлденеге кейігендей, әлдекімді түтіп жеп қоятындай болып отыратын» Айрамбай етікшінің өзімен аталас Кемелбай шоншарға тәуелділіктен біржола бас тартып, енді қазына асырайды деп «коммунистке жазылғаны», сөйтіп кедейдің тұрмысы тұрмақ, санасы қалай «революцияланғаны» бұлтартпас психологиялық дәлелдермен аса нанымды суреттеледі. Б.Майлин шығармаларындағы тұрмыстық-заттық әлем, ондағы әрбір деталь – кейіпкердің ішкі әлемін ашуда, адам жаратылысының, түйсігінің небір қатпарын, құпия-сырларын әшкерелеу үшін әдейі алынған және ішкі иірімдерге енудің бірден бір көркемдік тәсілі. Жазушыда зат адамды ауыстырмайды, бірақ сол зат адам үшін оның табиғатын, болмыс-бітімін, бүкіл тағдырын шешетін көркемдік деталь болып кейіпкерлердің психологиялық бітімін ашып тұрады. Мәселен, жазушының «Айрамбай» әңгімесінде кейіпкердің кім екендігі бірден көзге ұрады: «Айрамбайдың үйіне кіріп келгеннен-ақ нендей кәсіппен айналасатыны беп-белгілі. От басында кірлі қара тақтай, маңайы толған былғары, қайыстың қиқымы, біз, пышақ, қайрақ, қалып, мұрындық қоқырсып жатыр» [2,98]. Осындағы аталған әрбір заттық деталь Айрамбайдың кәсібінен сыр берсе, екіншіден оның сіңірі шыққан кедейлігін де көрсетеді. Айрамбай етікші бейнесі бір жағынан күлкілі, ал бір жағынан, расында да мына өмірдің тым қатыгез, опасыз екендігін дөп басып көрсете алған өзінің жақыны Кемелбайдан бір кішкене қайыс сұрап ала алмаған соң өзгеден не қайыр күтпек? Осы көркем дүниеде былай қарасаңыз шығармаға өзек бола қоярлықтай оқиға да жоқ. Өмірдің бір сәттік көрінісі ғана. Ал, бірақ, сол қарапайым өмір -жазушы үшін өте маңызды тақырып. Терең ойға бастайтын тақырып. Қарапайым өмірдегі қарапайым адамдардың психологиялық күйі әңгімеде көрініс табады.

Б.Майлин ерлі-зайыптылардың арасындағы психологияны да шебер суреттеу арқылы оқырман санасына тәрбие, мораль, этика сияқты ұғымдарды қалыптастырады. 1923 жылы жазылған «Талақ» атты әңгімесінде ерлі – зайыпты Айдарбек пен Зейнептің бұрынғы тату-тәтті отбасын болмашы нәрседен бұзыла жаздағанын, алайда екеуінің өз арасындағы татулық, сыйластық, сүйіспеншілік сезімері ескі наным мен діни ұғыммен іштей арпалысып күресу нәтижесінде қайта табысқанын суреттейді. Болмашы нәрсеге бола жұбайына «талақ» деп, зекіп тастағаны Зейнепке таяқтан да қатты батқаны сөзсіз. Бала кезден білетіні: «неке – ерлі - зайыпты адамның арасындағы махаббат жібі» деп қалыптасып қалған стереотипті күйеуі жақтан айтылған «талақ» деген бір ғана сөз бұзады. Зейнептің әрі қарайғы өміріне титтей қара дақ түсіріп, психологиялық күйзеліске ұшыратқан жалғыз осы сөз болды. Күйеуінен жеген таяқты да, айтылған өзге де бірсыпыра ауыр сөздерді де санасынан мәңгіге өшіруге дайын-ақ болғанымен, тікендей қадалып тұрған «талақ» деген сөзді жадынан шығара алмады. Ата-ана арасындағы қарым-қатынас шығармадағы үшінші кейіпкер кішкентай қыздың психологиясына да әсер етпей қоймайды. Олар ренжісіп қалса, бала да ренжіп, бүк түсіп жатып қалады. Ал олар керісінше татуласып, жайдары отырса, Күләмза да қуанпады, шексіз бақытты күйге кенеледі. Мұның бәрі шынайы өмірде кездесетін, тәрбиелік мәні бар, психологиялық көріністер. Шығарманы оқып отырған оқырман сюжет желісін шынайы өмірден іздей бастайды. Бұл – сабақ әрі тәжірибе. Міне, Б.Майлин - шынайы өмір картинасын жасаған суреткер.

Сөздің түйінін келтірер болсақ, психология әрбір адамға тән. Өмірдің өзі – психология. Табиғатта болып жатқан сан түрлі құбылыстардың өзі – психология. Ал көркем әдебиеттегі психологизмнің берілуі – заңды әрі қалыпты құбылыс. Жазушының суреткерлігі мен ұлылығы - кейіпкердің ішкі сезімін оқырманға дәлме дәл көрсете алуы. Оқырман кейіпкердің ішінде болып жатқан арпалысты, яки төңкерісті сезіне алып, өзінің оның орнына қоя білсе,

онымен бірге күліп, бірге күйінсе, жыласа, жазушының шығарманы жазудағы негізгі мақсаты айқындалып, шоқтығы биік дүниеге айналар еді. Ал бұл тұста Б.Майлиннің «шығармалары - алтын ғасырдың алтын шығармасы» деп баға беруімізге әбден негіз бар. Б.Майлин мұрасы – әдебиетті шыңға шығармаса, ешқашан құлатпасы анық!

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Майтанов Б. Қазақ романы және психологиялық талдау. Оқу құралы. – Алматы: Санат, 1996.- 336 б.
2. Майлин Б. Бестомдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1987. – 336 б.
1. 3.Наурызбаев Б. Қазақ прозасындағы Б.Майлин дәстүрі.- Алматы: Жазушы,1979.- 412 б.

ӘОЖ 37.342.725.3

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ – ҰЛТ КЕЛЕШЕГІНІҢ КЕМЕЛ КЕПІЛІ

Аблай Ғалия Архатқызы

zhaniya.kz@mail.ru

Тараз мемлекеттік педагогикалық университеті,
филология факультеті, «5В011700» қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының
2-курс студенті, Тараз Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Тугелова Ж.Ж.

Еліміз тәуелсіздік алып, өзін-өзі билеу, өзін-өзі басқару қабілетіне ие болғаннан кейін заманына қарай азды-көпті сын сатыларынан өтті. Уақыт шіркіннің дес бермейтіні хақ. Бір бойына онжылдық алапат оқиғаларды сыйғыза білген сонау 1991 жылдан бері Қазақстан халқының санқилы өткелдердің өкпегіне дес бере білуі, бұл күнде баршамызды қуантады. Тек, жаңашылдықтың жалауын желбіретіп жүріп, ұлттық құндылығымыздың ақсап қалғандығын да мойындауымыз керек. Ұлттық мемлекетіміздің жаңа шаңырағын құрған уақытта басты назар көбіне саяси және экономикалық жүйелер мен мемлекет құрылымдарын реформалау міндетіне ауды. Нәтижесінде тәуелсіздігіміздің тұғырын бекітіп, етек-жеңімізді енді жинай бастаған тұста рухани байлығымыз бен құндылықтарымыздың тасада қалып бара жатқандығын жіті ұғындық. Абайша айтқанда «Қолымды мезгілінен кеш сермедімнен» құдай сақтады. Әрине, Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың саяси сауаттылығы мен көреген әрі кемел саясатының арқасында. Айқын дәлел ретінде Елбасының 2017 жылдың 12-сәуірінде жариялаған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласын атап өтуге болады. Мұндағы басты мәселе оқ бойы озық боламын деп жүріп, ұлттық қодыңды, басты болмысыңды жоғалтып алудан сақтану. Сонымен қатар әлемнің дамыған мемлекеттерінің арасында өзіндік ұлтқа тән қолтаңбанды қалдыру арқылы алдыңғылардың қатарында болу. Ұлт іргетасын берік қалап, құлатпауда рухани жаңғырудың берері мол. Алайда оны терең түсіне білуіміз шарт. Соның негізінде Н.Ә.Назарбаев өз мақаласында «Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білуі қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды», - деп атап өтті [1].

Қазір озық технологиялардың қарыштап дамыған заманы. Расында ұлттық-рухани бағытымыздан жаңылсақ, адасуымыз әп-сәтте. Сол себепті ұлт болып рухани жаңғыруымызға кесе көлденең тұрып, кері тартуымызға негіз жоқ. Келешек кепілі ретінде жас ұрпақты айрықша ауыз толтырып айта алатын болғандықтын, ұлттық жоралғыларымыз бен салт-дәстүрлерімізді солардың бойына сіңіріп, жас шыбықтай өркен жайып келе жатқан ұрпақ тәрбиесімен қатаң түрде айналысқанымыз абзалырақ деп есептеймін. Ақиқатқа тура қарауымыз керек, «жас ұрпақ тәрбиесі қазір ғаламдық технологияның, интернеттің,